



2009 жылға Уәлиханов ауданы тұрғындарының нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 13 сәуірдегі N 47 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 20 сәуірде N 13-13-100 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 қаңтардағы N 32 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық әкімдігінің 2012.01.26 N 32 Қаулысымен

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 5-бабына, 7-бабы 2-тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 14)-тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2009 жылға Уәлиханов ауданы бойынша тұрғындардың келесі нысаналы топтары анықталсын:
- 1) 24 жасқа дейінгі жастар;
 - 2) 50 жастан кейінгі жұмыс істемейтін тұлғалар;
 - 3) 1 жылдан астам жұмыс істемейтін тұлғалар;
 - 4) мекемелердің штаттарының немесе оның санының қысқартылуына орай босатылатын тұлғалар;
 - 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
 - 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
 - 7) мүгедектер;
 - 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
 - 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
 - 10) оралмандар;
 - 11) ағымдағы жылы оқуды аяқтаған оқу орындарының жиырма сегіз жасқа дейінгі тұлғалары.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Уәлиханов ауданы әкімдігінің

2009.04.13

N

47

Қаулысымен

2. Уәлиханов ауданының «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын;

2) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмысқа орналастыруда көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасары Б.Р. А х м е т о в а ғ а жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Уәхитов